



Жалағаш жаршысы



«zhlagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«Таза Қазақстан» дегеніміз қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес, әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан-дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады.

Қасым – Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Президенті

Өткен аптада Қызылорда облысы тағы бір тағылымды бастаманың куәсі болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – бір ұғым» атты акция көпшілікке ой салған мәні терең шараға айналды. Акция аясында облыс бойынша 200-ге жуық қасиетті орын қамтылып, тазалық жұмыстарына 20 мыңнан астам тұрғын қатысты. Игі іске аудан жұрты да жұмыла кірісіп, ортақ іске өз үлесін қосты.



ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР АУМАҒЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Қазақ үшін қорым үнсіз жатқан кеңістік емес. Ол – өткеннің аманаты, ұрпаққа қалдырылған рухани сабақ. Бұл жолғы тазалық жұмыстары тек сыртқы ретке келтірумен шектелмеді. Тарихтың табы қалған қорымдар мен кесенелердің маңында еңбек еткен жұрт үшін бұл қарапайым жұмыс емес, рухани жауапкершілік болды десек, артық айтқандық емес.

Айта кету керек, облыс аумағында 72 нысан киелі орындар тізбесіне енгізілген. Бұл қасиетті орындарды сақтау мен ұрпаққа аман жеткізу мақсатында жергілікті бюджет және демеушілер есебінен кешенді реставрациялық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде кесенелердің тарихи келбеті жаңғыртылып, келушілер үшін қолайлы жағдай жасалды.

– Бұл – үлкен ізгі іс, рухани байлығымызды толтыратын шара. Сыр өңірі – тарихи мол, тағылымы үлкен қасиетті жер. Бұл акция тек қана біздің қоршаған ортамызды тазалау емес, сонымен қатар жастарға үлгі болатын өнегелі іс болады, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов.

Ескінің ізі өшпесін десек, оны жаңғыртып отыру қажет. Ал тазалық сол жаңғырудың алғашқы баспалдағы екені анық. Жоғарыда айтқанымыздай, акция аясында облыс бойынша 200-ге жуық қасиетті орын қамтылып, тазалық жұмыстарына 20 мыңнан астам тұрғын қатысты. Бұл көрсеткіш бастаманың кең қолдау тапқанын аңғартады. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген таныммен тәрбиеленген жұрт бұл жолы да ұлттық ұстанымнан жаңылған жоқ. Осындай бастамалар арқылы қоғамдық санада тазалыққа деген көзқарас нығайтып, киелі орындарға

деген құрмет тұрақты дағдыға айнала түсері анық. Ұлттың үнін ұлықтаған атаулы акция аясында ауданда да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар мен қорымдар аумағында санитарлық тазалық және абаттандыру шаралары қолға алынды. Мемлекет қорғауына алынған киелі орын Беркінбай көпте қорымы аумағында өткен тазалық шарасына аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, игі бастаманың маңыздылығына тоқталды.

– Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында, сондай-ақ облыс әкімінің елді мекендерде санитарлық тазалық жұмыстарын жүйелі жүргізу жөніндегі тапсырмасына сәйкес, бүгін киелі орындар мен тарихи ескерткіштер аумағында кең көлемде тазалық, көркейту және көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді, киелі орындар мен қорымдарды таза ұстап, өскелең ұрпаққа үлгі болар осындай игі іске атсалысып жатқан баршаңызға алғысымыз білдіреміз, – деді А.Ибраимов.

Жеті атасын жаттап өскен ұлт бабаға құрметті жай көрмеді. Қазақтың қазақтығы да осы болмысында бөлім. Қойнына тарихтың жауһарын жапсарластырған Жалағаш өңірі киелі жандардан кенде болмады. Шежіреге айналған тұлғалардың болмысын үлкендерден естігенде аңызға бергісіз тылсым тыңдағандай болды. Соның бірі – Беркінбай әуліе.

Аудан жұрты ғана емес, алыстан арнайы ат басын бұрып, түнен қайтатын қасиетті орында тазалық жұмыстары жүргізіліп, естіп қуандық. Кезінде әулиелігімен қатар емшілігі де болған деседі. Аппақ киініп жүретін, тіпті бір

мезетте бірнеше жерде көрінетін кереметі жайлы аңыздар бүгінгі ұрпаққа қаншалықты жетті екен?! Қызып тұрған кетпенді қолымен ұстап, қамшымен, су бүркіп, талай жанның дертіне шипа болғаны да ел арасында кеңінен таралған ақиқат. Бүгінде сол өткенді ұмытпай, тарихи орынға айналған қасиетті мекенді таза ұстауға жерлестеріміз бір кісідей жұмылып отыр.

Шараға ардагерлер, түрлі мекеме ұжымдары, кент пен ауыл тұрғындары, сондай-ақ белсенді ерікті жастар кеңінен қатысты. Іс-шара бабалар рухына құран бағыштаудан басталып, одан әрі қорым аумағын тазарту, ағаштарды өктуе секілді игі жұмыстармен жалғасын тапты. Сонымен бірге аудан әкімі көпшілікпен бірге Беркінбай көпте ұйтамының ауласына тал көшеттерін отырғу рәсіміне қатысып, көпке үлгі көрсетті.

Айта кету керек, аудан аумағында мемлекеттік тізімге енгізілген 62 тарихи ескерткіш бар. Оның ішінде 1 нысан республикалық маңызға ие болса, 55-і жергілікті деңгейде қорғалады, ал 6 нысан ерекше маңызды тарихи орындар қатарына жатады.

Жалпыхалықтың акция аясында кент және ауыл тұрғындары аталған тарихи орындар мен қорымдарда тазалық жұмыстарын белсенді түрде жүргізіп, туған жердің келбетін көркейтуге өз үлестерін қосты. Уақыттың таразысына түскен құндылықтың қай кезде де салмағы бар. Өткенін ұлықтай білген ел ғана болашағына нық қадам басады десек, бұл шара да ұлт игілігіне қосылған маңызды үлес болғандай.

Гүлжан ЕСЖАН

Конференция

Өткен аптада Қызылорда облысы тағы бір тағылымды бастаманың куәсі болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – бір ұғым» атты акция көпшілікке ой салған мәні терең шараға айналды. Акция аясында облыс бойынша 200-ге жуық қасиетті орын қамтылып, тазалық жұмыстарына 20 мыңнан астам тұрғын қатысты. Игі іске аудан жұрты да жұмыла кірісіп, ортақ іске өз үлесін қосты.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРДІҢ ӨШПЕС ІЗІ



Танымдық конференцияда модераторлық еткен аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов алдымен қайраткердің өнегелі өмір жолына тоқталды.

– Қаһарман Тоғызбайұлының өмірі мен қызметі кешегі кеңестік кезеңде халықтың ортасында, елмен бірге өтті. Ауыл шаруашылығындағы ауқымды істердің басы-қасында болған ағамыз аудан, облыс көлемінде жауапты қызмет баспалдақтарынан өтіп, еңкейгенше елге қызмет етті. Сондықтан Қаһарман Тоғызбайұлы құрметке лайық – деді ол.

Сондай-ақ ол конференцияның негізгі мақсаты да осындай қайраткер тұлғаның ғибратқа толы өмірін насихаттау екенін атап өтті. Басқосуда облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Әлиев тау тұлғалы азаматтың ел үшін еткен елеулі еңбегін тілге тиек етті.

Конференцияның күн тәртібіне сәйкес Қаһарман Тоғызбайұлының өмірі мен қызметі туралы аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов баяндама жасап, қоғам қайраткері 1959 жылы Алматы зооветеринарлық институтын тәмамдап, ауыл шаруашылығы саласының білікті маманы ретінде еңбек жолын бастағанын, кейін, яғни 1967 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітіруі оның басқару ісіндегі кәсіби біліктілігін арттырып, жауапты қызметтерге жол ашқанын жеткізді.

Танымдық конференцияда Қаһарман Тоғызбайұлының өмірі мен қызметі жайлы «Кемеңгер» атты кітапты құрастырушы, елімізге белгілі күміс көмей жыршы, ҚР Мәдениет қайраткері Берік Саймағанбетов баяндама жасады. Мұнан бөлек елімізге белгілі қайраткер, Қаһарман Тоғызбайұлының замандасы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Ақпантай Пірназаров, Қазалы ауданынан келген кәсіпкер, меценат және қоғам қайраткері Самұрат Имандосов, қайраткердің інісі Нәжімадин Мұсабаев, Қармақшы аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Әбдірахман Құлдүйсенов, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев болмысы бөлек тұлғаның өнегемен өрілген өмір жолына тоқталып, адамдық келбетін, қайраткерлік болмысын аша түсті. Сонымен қатар қайраткердің ұрпақтары осындай тағылымы мол конференцияның өтуіне атсалысқан облыстық, аудандық ардагерлер кеңесіне, аудан әкімі аппараты мен аудандық мәслихатқа ризашылығын білдірді.

Қаһарман Тоғызбайұлының туған топырағы Сыр елін гүлдендіріп, экономикасы мен әлеуметтік ахуалын жақсартып, өрге бастыруға сіңірген еңбегі өлшеусіз. Осындай арда азаматтардың өмір жолын дәріптеу – бүгінгі буынның парызы. Себебі олардың адал еңбегі, елге деген жанашырлығы, туған жерге деген сүйіспеншілігі – жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін құндылық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



ФАРИЗАНЫҢ НАУБАЙХАНАСЫ

Кәсібінен бөреке тапқан Еңбек ауылының тұрғыны Фариза Әбдіреева бүгінде шағын наубайхана ісін өрге дөңгелетіп отыр. Ол 2022 жылы мемлекеттен 6 пайызбен 3 млн теңге несие алған. Тиісті қаражатқа кәсіпке керекті құрал-жабдықтарын сатып алған ол бүгінде кәсібінің нәсібін көріп отыр.

күніне 30-ын жөнелтеді. Бастапқыда ол күніне 40 нан пісіргенін айтады. Ал қазір заманауи жаңа пештердің көмегімен 120-ға жуық нан пісіреді. Бөлке наннан бөлек тұтынушы тапсырысына сай таба нан, тәтті нан, гамбургер мен тоқаштарға да тапсырыс қабылдайды. Мұнан бөлек дастарқанның сәнін келтіретін тәттілер мен салаттарды да той-томалақ кезінде тұтынушылардың тапсырысы бойынша дайындайды.

Кейіпкеріміз кәсібінің тынысын кеңейту үшін көрші үйді сатып алғанын, есігінің алдындағы шағын наубайхананы сонда көшіруді көздеп отырғанын да жеткізді. Қазіргі таңда ол «Ауыл аманаты» жобасына да құжат тапсырған. Жоба қаржылай қолдау тапса, тандыр нан пісіруді де қолға алмақ. Оның кәсібінің үздіксіз жүруіне отбасы қолғабыс етіп отыр. Нақтырақ айтсақ, күнделікті оған екінші анасы мен демалыс күндері қыздары көмектеседі. Алдағы уақытта кәсібінің тынысы кеңейсе, өзі секілді қолынан іс келетін ауыл келіншектеріне нан, тәтті пісірудің қыр-сырын үйретіп, жұмыспен қамтымақ.

Фариза Әбдіреваның негізгі мамандығы – бастауыш пәнінің мұғалімі. Алайда ол тәтті пісіруге жақын болғандықтан, осы салаға бетбұрғанын айтады. Ол тәтті өнімдерін пісіруді ең алдымен бала күнінде анасынан, кейін үйдеп жеңгесінен үйренген.

– Анам «істегенің маған жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы» деп жиі айтатын. Мені бала кезімнен ас пісіруге үйретіп, түрлі тәттілердің жасалу жолын көрсетті. Содан болар, келін болып түскенде дастарқан дайындауда еш қиналғаным жоқ. Ауылдағы тойханада аспаз болып жұмыс істеген жылдары қосымша бас аспазды облыс орталығынан шақыратын. Сол кәсіптердің жанында жүріп те біраз нәрсе үйрендім, – дейді ол.

Иә, кез келген адам үшін күнделікті тұтынатын тағамдардың ішінде ұннан жасалатын астың рөлі жоғары. «Ас атасы – нан» демекші, нанысыз тамақ батпайды. Сондықтан мұны кәсіпке айналдырғанның жұмысы

алға өрлемей мүмкін емес. Бұл сөзімізге бүтін бір ауылды күнделікті ыстық нанмен қамтамасыз етіп отырған кейіпкеріміздің кәсібі дәлел.

«Кәсіптің көзін тапқан, бақыттың өзін табады» демекші, өз ісіне жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын кейіпкеріміздің күн сайын тұрақты тұтынушылары артууда. Оның мүлде бос уақыты жоқ, тіпті демалыс күндері де жұмыс жасайды. Екеуара сұхбат барысында аулаға енген тұтынушыларға қарап, мұнда келушілердің қатары көп екенін аңғарды. Бірі ыстық бөлке нан сұрап келсе, енді бірі тәтті тоқашқа тапсырыс беруде.

– Мен Фаризаның тұрақты тұтынушыларының бірімін. Шыны керек, азаннан кешке дейін жұмыста болғандықтан үйде нан пісіруге үлгермейтін кездер көп болады. Сондай сәтте Фаризаның көмегіне жүгінеміз. Мұнан бөлек отбасымызда қандай қуаныш болса да дастарқанымызды Фаризаның тәттілерімен толтырамыз. Бастысы, барлығы таза, өте дәмді әрі бағасы қалтаға қонымды. Көз келген өнімін сүйсініп жейміз. Қазір де кешке қоз күтетін болғандықтан тәттілерге тапсырыс беруге келдім, – дейді Еңбек ауылының тұрғыны Гүлмира Ешнұрбаева.

«Әйел бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді» демекші, сұхбат барысында Фаризаның жан-жақтылығына сүйсініп, үй шаруасы, келіндік қызмет, бала күтіммен қатар кейіпкеріміз кәсібін де тоқтатпаған.

Мемлекет тарапынан берілетін қолдау екі қолға бір күрек таба алмай жүрген жандарға үлкен мүмкіндік. Тек кәсіп ашамын деген шынайы ниет болса жеткілікті. Ауылдық жерлерде кейіпкеріміз секілді жан-жақты жандардың кәсіпке бетбұрғанына іштей қуанамыз. Себебі бұл біріншіден, ауылдағы жұмыссыздық мәселесін тұсауға сеп болса, екіншіден өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлік саласының дамуына серпін болмақ. Жаста болса үлкен істі дөңгелетіп, халыққа сапалы әрі тиімді қызмет көрсетіп отырған Фаризаның берекелі кәсібінің бүгінгі тынысы осы.

Сезім НҰР

– Бастапқыда ауылдағы «Асылзат» тойханасында аспаз болып жұмыс жасап, сол жақта нан пісіретінімін. Сол кезде «шағын наубайхана болып, ауыл тұрғындарына қызмет етсем» екен деп армандайтынмын. Сол арманның жетегінде жүргенде бір күні әкімшілік мамандары «ауылға қайтарымсыз грант, төмен пайызбен несие алып, кәсібін бастаймын дегушілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізуге ауданнан арнайы мамандар келіп жатыр» деп хабарлады. Мен де жиналысқа қатысып, мамандардан кеңес алдым. Ол кезде 4 балам бар, мамандар 4 балалы аналар төмен пайызбен несие алып, кәсіп бастауға болатынын айтты. Еш ойланбастан құжаттарымды тапсырып, бизнес жоспарымды дайындадым, – дейді Фариза Қамалқызы.

Осылайша кейіпкеріміз 2022 жылдың қыркүйек айында қаражатты қолына ала салыстымен есігінің ауласындағы шағын бір бөлмені наубайханаға айналдырды. Ішін қажетті құрал-жабдықтармен толтырғаннан кейін сол жылы қазан айында өз жұмысын бастапты. Айта кетейік, ол қаражатқа шағын және үлкен пеш, мискер сынды құралдарды алған. Шағын пеште бір уақытта 45, ал үлкен пеште 75 бөлке нан пісіреді.

Кәсіпкер келіншек өзінің ауыл тұрғындарынан бөлек көршілес ауылдарға, сондай-ақ ауылдағы дүкен сөресіне



ТАНДАҒЫ ТІРЛІК

2-БЕТТЕ

2 ҚОҒАМ

ТАҢДАҒЫ ТІРЛІК

Өткен аптада тілшілік сапармен Таң ауылының тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Аудан орталығынан отыз төрт шақырым жерде, дарияның сол жағасын бойлай қоныс тепкен бұл мекен уақыттың талай белесін үнісіз қарсы алған. Таң деп аталуы да тегін емес, арнайлап атқан тандай жана үміттің нышаны ретінде астарлап қойылған деседі көнекөз қариялар.

Талайдың тандай қағатындай бар, ауданнан жырақ жатқанмен ауылдың бүгінгі келбеті келісті. Ел енесін тіктеген – егін. Өткен жылы 4036 гектарға дән себіліп, оның ішінде 2 438 гектары күріштің ырысына бұйырды. Құт дарыған кара топырақтың қамбасы ешқашан бос қалған емес. Дархан дала диканды да, елді де жарылқап келеді. Былтыр әр гектардан орта есеппен 60 центнерден өнім жиналды. Бұл көрсеткіш биыл да өз мекеніне ұмытылып тұр. Ауылда ақегіттің қамы басталған. Жайылымға малға пана, шабындығы шөпке толы бұл өңірдің тұрғындары әр қарыс топырағын көлете жаратқан. Жалпы жер қоры 23 897 гектарды құрап, соның 9 843 гектары жайылымға, 1014 гектары шабындыққа, ал 3 594 гектары егістікке тиесілі.

– Өткен жылдың есебінде шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының саны 131-ге жетіп, соның 97 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Бұл ауылдағы іскерліктің іргесі бекіп, тіршіліктің тынысы кеңейгенін көрсетеді. Соның ішінде «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 миллион теңгені құрайтын өндірістік база цехының құрылысы екі жыл бұрын басталып, енді жақын арада іске қосылуы жоспарлап отыр. Цехта майысайдан май, жүгеріден ұн және күріштен лапша өндіру көзделген. Іске қосылғанда 30 жаңа жұмыс орны ашылмақ, – дейді ауыл әкімі Қайрат Бегімұлы.

Бірсызын жерге байлаған ел мемлекеттік бағдарламалардың шарапатын да шебер пайдаланып отыр. «Кең дала» бағдарламасы арқылы 4 шаруа қожалық 114 млн теңге жеңілдетілген несие алып, тірлігін тікесте, «Агробизнес» бағдарламасымен 5 жеке кәсіпкерге 61,98 млн теңге көлемінде несие берілген. «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында 10 ауыл тұрғыны жалпы құны 15,728 млн теңге қайтарымсыз грант алып, өз ісін бастады. «Ауыл аманаты» бойынша 2 азаматқа 7,5 млн теңге жеңілдетілген несие берілді. Ал «Даму» қоры арқылы «Таң ЛТД» ЖШС 550 млн теңге көлемінде несие рәсімдеді. «100 жаңа жұмыс орны» жобасымен 23 адам кәсіп бастап, нақасанын адал еңбектен табуға жол ашты. Жалпы өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 8 пайызды құраса, жастар арасындағы көрсеткіш 4,4 пайыз деңгейінде.

Ауыл азаматтарының демеушілігімен де талай игі істің іргесі қаланып, бірқатар шаруаның тиегі ағытылып тұр. Ел азаматтарының жанашырлығы мен туған жерге деген ықыласының арқасында спорт кешенінің ғимараты бой көтеріп, балалар ойын алаңы салынып, тағым алаңы көркейіп, ауыл келбетіне көрік қосқан жобалар жүзеге асты. Бұл бастамалардың басы-қасында болған «Таң ЛТД» ЖШС қолдау білдіріп, ел игілігіне қызмет ететін нысандардың қатарын толықтырды. Рас, кәсіпкерлік нысаны бірнеше жылдан бері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен қатар, оларды өңдеумен де айналысып келеді. Айта кету керек, «Таң ЛТД» ЖШС ауыл экономикасына айтарлықтай үлес қосып отыр. Қазір олар күріш өсірумен ғана шектелмей, заманауи құрылыстардың көмегімен өнімді тазалап, өңдеп, нарыққа дайын күйінде ұсынып жүр.

Ауылдық округте 14 көше бар. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында өткен жылы 1 млн 237 мың теңге көлемінде ауыл ішіндегі көше атаулары мен аништалар толық жаңартылып, келбеті жаңаша түрленді. Сонымен қатар екі пәтерлі орн тұрғын үйге кірме автомобиль жолдары салынып, елдің жүріп-тұруына қолайлы жағдай да жасалды.

Елді мекенге аяқ басқаннан-ақ ауыл адамдарының сенбілікке жұмыла кіріскені бірден байқалды. Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде ауылда санитарлық тазарту мен көркейту жұмыстары тұрақты түрде жүргізілген. Өткен жылы айта сайын 70-ке жуық адам мен 7 арнайы техника тартылып, 50 тонна қатты қалдық арнайы орындарға шығарылыпты. Бұл үрдіс биыл да жалғасын тауып, көктем келе ауыл маңын таза ұстауға жұрт болып белсене кіріскен.

Ауылда жарықшамдарға қатысты мәселе жоқ. Мұндағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 54,5 шақырымды құрап, ел игілігіне қалтқысыз қызмет етіп тұр. Облыстық бюджеттен үнемделген қаржы есебінен құны 187 млн теңгені құрайтын үш электр подстанциисы жанартылып, қуат көзі бұрынғыдан да нығая түскен. Көше шамдарының қызметі үшін 1 миллион теңге жоспарланып, былтыр ауыл ішіндегі көше шамдары, бағандары жөнделіп, ескірген сымдары ауыстырылды. Сонымен қатар ауылға кіреберіс жол мен Сегізбай би, Орынбай жырау көшелерінің жарықшамдары толық ауыстырылып, түнгі ауылдың шырайы ашылған. Бұл жұмыстардың алдағы уақытта да жалғасын табары айтылды.

Елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету бағытында нақты нәтижеге жеткен бұл өңірде бүгінде ауыл халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған.

Тұрғындар енді ауданға ағылып, зуре болмайды. Себебі ауыл төрінен орын алған заманауи Таң дәрігерлік амбулаториясы халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. 2022 жылдың мамыр айында ел игілігіне берілген бұл нысан ауыл өміріне серіні әкелген маңызды қадам болды. Құны 389 млн 176 мың теңгені құрайтын емдеу мекемесінде ем-шара бөлмесі, акушерлік кабинет, бақылау бөлмесі, зертхана, дәрігерге дейінгі қабылдау және әлеуметтік қызмет көрсету секілді басқа да бөлімдер толық қамтылған. Бүгінде ауылдық емхана 1095 тұрғынға қызмет көрсетеді. Оның ішінде балалар – 334, жасөспірімдер – 56, ересектер – 705, туу жасындағы әйелдер – 234, зейнеткерлер – 152. Мұнан бөлек диспансерлік есепте тұрған 403 адам бар. Сонымен қатар 13 жүкті әйел мен 13 босанған ана бақылауда, 42 мүгедек азамат тұрақты медициналық көмек алады. Қазіргі уақытта мекемеде 5 күндізгі стационар төсек-орны қарастырылып, науқастарға қажетті ем-дом үздіксіз жүргізілуде. Жалпы саны 16 қызметкер халық денсаулығы жолында еңбек етуде. Олардың қатарында 1 дәрігер, 9 орта буын медицина қызметкерлері, фельдшер, зертханашы және кіші аяғандар бар.

Ауылдағы №118 орта мектеп 1981 жылы пайдалануға берілген, 624 орындық, типтік жобада салынған білім ошағы. Уақыт тезінен өткен бұл қара шаңырақ 2021 жылы күрделі жөндеуден өтіп, жаңаша келіпке енді. №118 орта мектебінде өткен оқу жылында 234 оқушы білім алды. Үстаздар құрамында 46 педагог болса, олардың 45-і – жоғары білімді, 1-еуі – арнаулы орта білімді маман.

Былтырғы оқу жылының қорытындысында алтын ұяны 17 түлек тәмамдап, оның 15-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, орташа 83,3 балл жинады. 14 түлек мемлекеттік грант иегері атанса, 2 оқушы ректор грантын иеленді, 1 түлек ақылы оқу орнына түсті. Ал 9-сыныпты 25 оқушы бітіріп, оның 8-і арнаулы оқу орындарына қабылданды. Қуантарлығы, республикалық «Айқанат» мектебінің грант иегерлері де бар. Шәкірт жетістігімен ғана емес, ұстаз абыройымен де алда келе жатқан бұл білім ордасында еңбектің ерен үлгісі айқын көрінеді. Гүлсезім Сәдуақасов ауыл мектеп оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңдерінде 1 орын иеленіп, республикалық кезеңде грамотамен марапатталды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Меірақұл Ойнарова, сондай-ақ Ақзерре Бақытбек, Диана Мұратқызы «Ана тілі» республикалық зияткерлік олимпиадасының республикалық кезеңіне қатысып, «Белсенділер» номинациясын иеленді.

Байқағанымыз, мұндай асулардың ізі толассыз. Бір анығы, білім ордасының бағындырған белесі де, бағындырар шыңы да көп. Ұстаз бен шәкірттің ынтымағы мен ізі қалған ізгі жол үзілмей, білімнің көне сұрлеуі бүгінгі күнмен сабақтасып жатқанын көріп көңіл қуанды.

Таң ауылдық мәдениет үйі ел тәуелсіздік алған жылы типтік жобада бой көтеріп, қазіргі таңда ауылдың рухани ордасына айналған. Кейінгі жылдары заман талабына сай жаңғыртылып, 2017-2020 жылдары ағымдағы жөндеу көріп, 2024 жылы облыстық бюджеттен 350275,4 млн теңге бөлініп, күрделі жөндеуден толық өткізілді. Бүгінде мәдениет үйінде жас ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, халықтық өнер мен фольклорлық мұраны дамыту мақсатында 7 үйірме тұрақты жұмыс істейді. Хор, эл-сықақ, көркемсөз, жыр-терме, он, колонер және әкелер ансамбліне 65 мүше қатысып, өнер додаларында жүделсіз орындардан көрініп жүр.

Ауыл төрінде «Таң бөбегі» бөбекжайы мекемесі елдің ертенін тәрбиелеп отырған берекелі орда ретінде жұмыс жасап тұр. 2017

АУЫЛ ТЫНЫСЫ



Жылдан бері есігін ашқан бұл шаңырақта бүгінде 90 бала бес топта тәрбиеленуде. Жырма жеті қызметкер осы игі істің басында тұрып, әр бүлдіршінің бойына мейірім мен тәрбиені қатар дарытып келеді. Бұл бөбекжай ауыл халқына да айрықша пайдасын тигізіп отыр. Жас ата-аналардың алансыз еңбек етуіне жол ашып, тұрмыстың тіршілігін жеңілдетуде. Ауыл ішінде жұмыс орындарын да қалыптастырып, талай жаңа нәсіп болып келеді. Биылға белгіленген жұмыстар ауыл тіршілігінің өрісін кеңейте түспек. 3 өнеркәсіптік база іске қосылып, заманауи техникамен жабдықталып, ауыл шаруашылығы жұмыстарын тиімді жүргізуге әрі жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тұрғындарға арналған 2 пәтерлі 10 тұрғын үй пайдалануға беріліп, 20 отбасы баспаналы болмақ. Келер жылы ел игілігіне ұсынылатын спорт кешені де ауыл жастарының жігерін жанып, салауатты өмір салтын орнықтыруға жол ашады. Заманауи спорт залдары мен жаттығу алаңдары жастардың уақытын пайдалы өткізуге жағдай жасайды. 2028 жылы инфрақұрылымды дамыту, көркейту-жағаландыру жұмыстарын жалғастыру, сондай-ақ қосымша өндірістік жобаларды іске асыру бағыттары айқындалып қойыпты. Бұл бастамалардың барлығы тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын арттыруға, Таң ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Ауыл өмірі сырт көзге тым-тырыс, мамыражай көрінгенімен, таңдықтар сөзбен емес, іспен жүретін жұрт екенін әлдеқашан дәлелдеп қойған. Жылдан-жылға білек сыбана кіріскен халықтың қарқыны бөлек, аз уақыттың ішінде-ақ аймақты таң қалдырар тірлік тындырғаны аңғарылады. Аз уақытта алты алаштың назары ауса, бұған таңырқай қоймассыз. Өйткені мұндағы тірлік тасқындап тұр.

Гүлжан ЕСЖАН

АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Мақпалкөл – бірлікпен тірлігін түзген ауыл. Мұндағы халықтың негізгі тіршілік көзі – егін мен мал шаруашылығы. Мұнда қай саланы алып қарасақ та осу бар, өрлеу бар. Десе де ел болған соң мәселе туындамауы мүмкін емес. Сайлауға түсетін басты мақсатымыз – сол мәселелердің түйінін тарқатып, ауылда жарқын жобалардың жүзеге асуына өз үлесімді қосы.



Ауылды дамыту жолында елге адал қызмет ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Елді мекеннің дамуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсатының бірі. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдардың инфрақұрылымын дамыту да күн тәртібінен түспейді. Осы бағытта Мақпалкөл ауылдық округінде де бірқатар жоба қолға алынуы тиіс. Алдағы саяси нақанда бақ сынауыма да басты себеп осы.

Соңғы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жүйелі жұмыстар атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асты. Мен ауылдағы саяси нақанда қатысу арқылы ауыл тұрғындарымен бірлесіп жұмыс жасай отырып, елді мекеннің өсіп-өркендеуіне үлес қоссам деймін.

Жалпы өкім болу оңай шаруа емес, жауапкершілігі ауыр жұмыс екені айтына да түсінікті. Қай ауылға өкім болса, сондағы халықтың келешегі, тыныс-тіршілігі сенін қарым-қабілетіне тікелей байланысты. Сондықтан бұл қызметке келмес бұрын кез келген адам өзіне «Мен өкім болғанда осы ауылдың болашағын жарқын ету үшін не істеймін?» деген сауал қоюы тиіс. Ал бұл сауалдың түйінін тарқату үшін бірінші зекесте сайлаудың бағдарламалары болуы қажет. Мен де осы қызметке талап қылғаннан кейін ауылдың дамуына бағытталған сайлаудың бағдарламалары бұған дейін ұсынған болатынымын.

Ең алдымен мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып, Мақпалкөл ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының талап-тілегіне көңіл бөліп, өтініштерінің оң шешіміне жұмыс жасаймын. Себебі елдің мәселесін ескерусіз қалдыруға болмайды. Сондай-ақ ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серіні алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың дамуына ықпал ететін. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану үшін мәдени-қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына ықпал етіп, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартымын.

Мақпалкөл ауылдық округінде бүгінге дейін түрлі жарқын жобалар жүзеге асып, жергілікті тұрғынның тұрмыс сапасына оң әсерін тигізді. Ауыл – тынымсыз тірлік жасалып жатқан елді мекеннің бірі. Әсіресе ауылды көркейту, дамыту жолында жыл сайын жүйелі жұмыстар атқарылууда. Ал әлеуметтік әлеуетін көтеру мақсатындағы жұмыстың бірі – кәсіпкерлерге қолдау көрсету. Көсіп ашып, оны дамытамын деушілерге қандаша көмек қолын созу, қайтарымсыз грантка не болуға және төмен пайызбен несие алу жұмыстарына да жәрдемдесу менің назарымнан тыс қалмайды. Бұл салада серіні қалыптасса, тұрғындар арасында жұмыссыздық мәселесін тұсауға үлкен сеп болмақ, яғни халықтың екі қолға бір күрек

табуына жағдай жасалып, бос жаңа жұмыс орындары ашылады.

Бірлік болмай, тірлік болмайды. Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет. Себебі өзіміз тұратын елді мекеннің тазалығы баршамызды толғандыруы тиіс. Сондықтан ауылда көркейту-жағаландыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге жұмыла жұмыс жасауды ұйымдастырамын.

Елді мекенде инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударамын. Ауылда жол құрылысының қарқын алуына бастамашы болып, елді мекендегі сапасы сын көтермейтін ішкі көшелердің жақсаруына, электр желілерінің кедергісіз жұмыс атқаруына жұмыс жасаймын. Учаскелік полиция инспекторы мен ақсақалдар алқамымен бірлесіп жұмыс жасап, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіптің сақтауына жауапкершілікпен қараймын. Бұл жұмыстар ауылда бұзақылық қылмыстардың орын алуына жол бермей, елді мекенде түрлі қылмыстың алдын алуға үлкен сеп болады деп ойлаймын. Ауылдың әлеуметтік жағдайын аз қамтылған отбасыларының, қоппалалы аналардың мүл-мұқтажын үнемі назарда ұстаймын. Әлеуметтік топтарға бағытталған қолдау шараларын күшейту де назарыма болады.

Алдағы сайлау маған ауылды дамытуға, ондағы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға берілген мүмкіндік деп білемін. Сондықтан бүгін бұл ауылдың жарқын болашаққа нық қадам басуына өз үлесімді қосқым келеді. Сіздердің қолдауларыңызбен ауыл өкімі болсам, алға қойған мақсат-міндеттерімді орындап, ел ертені үшін тынбай еңбек етемін. Ол үшін жергілікті тұрғындарды алдағы маңызды саяси нақанда мені қолдауға шақырамын.

Әбдімәлік АДАМБАЕВ,
Мақпалкөл ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР АУЫЛ АЖАРЫН АЙШЫҚТАЙДЫ

Өзім ауылда туып өскендіктен маған кез келген ауылдың мәселесі таңсық емес. Оның ішінде Мақпалкөл ауылының тыныс-тіршілігі етене жақын. Азы-көңгі жинап тәжірибемді алдағы уақытта өтетін саяси нақанда қатысу арқылы тұтас бір ауылды болашағына жұмсаламын. Ол үшін әр ауыл берушінің тандауы өте маңызды.



Бұл саяси нақанда маған үлкен жауапкершілік жүктейді, яғни бір елді мекеннің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, халықпен жұмыс жасай алуыма тікелей байланысты. Бұл уақыт ауылдың екінші тынысын ашуға жетелі деп ойлаймын. Жалпы ауылда алдағы уақытта шешімін табуы тиіс қандай мәселелер бар? Елді мекеннің тынысын кеңейтіп, енесін тіктеуде тағы қандай жобалар қолға алу керек? Бұл сұрақтарды өзіме қою арқылы, саяси нақанда қатысуға бел буымын.

Елді мекенде көптің қуанышын есептеп, ел енесін тіктейтін жарқын жобалар жүзеге асуы тиіс. Соның бірі – ішкі көшелердің құрылысы. Сіздердің қолдауларыңызбен ауыл өкімі болсам, ең алдымен осы сапасы сын көтермейтін, ішкі көшелерге басымдық беремін. Сондай-ақ ішкі көшелерді жарықтандыруға да жұмыс жасаймын. Ауыл тұрғындары кешкі уақытта демалатын демалыс орындары мен ойын алаңдарын күтіп ұстауға және жаңа нысандар салуға күш саламын.

Мақпалкөл ауылында қай саланы алып қарасаныз да серіні қалыптасқан. Оның ішінде кәсіпкерлік саласы ерекше дамыған, яғни мұндағы тұрғындар жыл сайын қайтарымсыз грантка қол жеткізіп келеді. Осыдан-ақ ауылдағы ағайынның кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отырғанын аңғаруға болады. Мен де бұл жүйелі жұмысты жалғастырып,

жастар арасында жұмыссыздыққа тұсау салу үшін оларды кәсіпкерлікке бейімдеп, ауылда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде оқытуға, несие және грант алуға жәрдемдесемін. Ауылда өз жұмысын бастап, оның көкжиегін кеңейтемін деген жандарды сүйемелеп, жұмыссыздық мәселесіне тұсау қоямын. Бұл бастама арқылы халықты кәсіпке баулимын. Сонда ғана ауылдың кірісі артып, халықтың тұрмыс сапасы көтеріледі.

Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, қоппалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасаймын. Халықтың мүл-мұқтажын, талап-тілегін тыңдай отырып, елді мекеннің енесі биік болуы үшін еңбек етемін.

Ауыл балаларының сапалы білім алуына да барлық мүмкіндікті қарастырамын. Елдің ертені бүгінгі жастардың келешегімен тікелей байланысты болғандықтан олардың бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін. Жастар тәрбиесін де назардан тыс қалдырмай, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын

сақтауды ұйымдастырамын. Ауылда тазалық жұмыстарына басымдық беріп, елді мекеннің көркейіп-жағалдануына жұмыс жасаймын. Себебі туған жердің тазалығы бәрінен маңызды. Ауылдық округті жасыл желекке айналдыру мақсатында абаттандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргіземін.

Жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізуге мүмкіндік жасау үшін ойын алаңдары мен саябақтарды салу мәселесіне ерекше назар аударамын. Олардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында спортқа баулып, әртүрлі үйірмелердің көптеп жұмыс жасауына ықпал ететін. Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамытудың маңызы зор. Бұл жергілікті халықтың денсаулығының жақсаруына мүмкіндік береді. Сондықтан ауылда спорттық нысандар салудың да маңызы жоғары деп есептеймін.

Жергілікті тұрғындармен қашанда бірге болып, сенімін ақтау жолында қажырлы еңбек етемін. Ауыл халқының жағдайының жақсаруы, жастардың жан-жақты дамуы мен үшін өте маңызды. Менің басты мақсатым – ауыл тұрғындарына қолайлы жағдай жасау. Себебі халыққа адал қызмет ету – басты міндетімнің бірі. Жалпы алғанда саяси нақанда қатыса отырып, алдамы біраз нақты мақсат қойдым. Соның барлығы ауылды түлетуге арналған. Сіздердің қолдауларыңызбен алға қойған мақсат-міндеттерімді жүзеге асыру арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Сондықтан маңызды саяси нақанда барша сайлаушыны мені қолдауға шақырамын. Мен үшін әрбір дауыс өте маңызды.

Ақатжан ЖУМАТАЕВА,
Мақпалкөл ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

АУЫЛ ДАМЫСА, АЛҒА БАСАМЫЗ



«Берекеңі бастауы ауылда» дейміз. Бірақ сол ырқ өздігінен қалыптасқан ма? Әлбетте жоқ, оның түбін түртен, нақты еңбек пен үйлесім көрініс табады. Міне, істі жүзеге асыруда алдымен оны үйлестіру жүйелі болуы керек. Осы тұрғыда бізге жауапкершілік, еңбеккерлік хам табандылық қажет.

Мақпалкөл ауылдық округі – аудандағы еңселі елді мекеннің бірі. Ауылдың негізгі тыныс-тіршілігі егін және мал шаруашылығына тәуелді. Өйткені аграрлық ауылда егінмен де, мал шаруашылығымен де айналысуға барлық жағдай жасалған. Бірақ бұл тұрғыда әлі де қолға алынуды тиіс жобалар жоқ емес.

Жалпы қай саланы алып қарасат та ауылда қыруар мәселе шешімін тапты, көптеген мәселе әлі де шешімін табуы тиіс. Міне, алдағы сайлауда бақ сынауына басты себеп те – осы. Өйткені сол ауылда туып-өскесін маған елді мекеннің тыныс-тіршілігі, бүгінгі мәселесі тансық емес. Ал оны көре тұрып, туған жердің түлеуіне тиымшайды болса да үлез қоспау – азаматтық сан.

Мен алдағы уақытта сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, бірінші кезекте елдің тұрмыс сапасын жақсартуға басымдық беремін. Өйткені халықтың әлеуметтік жағдайын көтермей, нақты

жоспармен еңбек етемін деп құр ұран секілді. Сондықтан алдағы уақытта ауылда жұмыссыздық мәселесін тұсауға күш саламын.

Жалпы оны жүзеге асыру үшін нақты мақсатым да бар. Бірінші кезекте біз елдің екі қолға бір күрек табуын қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлік саласын дамытуымыз қажет. Ал аталған салаға серпін беру үшін мемлекет барлық жағдайды жасап отыр. Сол мемлекеттік бағдарламалар итілігін халық көруі үшін ауылда тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын күшейтіп, олардың төмен пайызбен несие алуына, қайтарымсыз грант алып, өз жобаларын жүзеге асыруына барлық жағдайды жасаймын. Міне, біз осы жобаны жүзеге асыру арқылы халықтың тұрмыс сапасын арттырамыз, жұмыссыздық мәселесін тұсаймыз, сондай-ақ ауылдың кірісін еселеуге де жол ашамыз.

Иә, ауыл дамыса, алға басамыз. Бірақ оны жүзеге асырудың тиімді тетігі қалай? Алдағы саяси науқанға үкілет үміт қылған кез келген кандидат ең алдымен осы сауалды түйінін тарқатуға бас қатырады деген ойдамын. Мен де алдағы саяси науқанда халықтың басым дауысына ие болсам, «Қандай жобаларды қолға аламын, оның ауылдың дамуындағы ролі қандай?» деген сауалдарға жауап ізледім.

Халық ауылда жақсы өмір сүруі үшін олардың тұрмыс сапасын арттыру азық етеді. Сондықтан алдағы уақытта ауылда инфрақұрылымды дамытуға да басымдық береміз» керек. Әсіресе ішкі көшелер сапасын жақсартуға күш салып, олардың жарықпен қамтамасыз етілуін, әлеуметтік нысандар сапасын ұдайы бақылауда ұстауды жүзеге асыруымыз керек.

Менің басты мақсатым – туған ауылымды жан-жақты дамыту, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру және болашақ ұрпаққа қолайлы орта қалыптастыру. Осы бағытта нақты міндеттері жүзеге асырамын. Мәселен, ауылшілік жолдардың сапасы – тұрғындардың күнделікті тұрмысындағы маңызды мәселе. Сондықтан ауыл ішіндегі 8 көшеге асфальт

төсеу жұмыстарын кезең-кезеңімен жүзеге асырамын. Көшелердің жарықтандырылуын жақсарту және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қолға аламын.

Халыққа қызмет көрсететін нысандардың жағдайын жақсарту басты назарымда болады. Оның ішінде Т.Жүргенов ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді жүзеге асырамын. Мәдени іс-шаралардың сапасын арттырып, жастар мен тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды қолға аламын. №15 «Балбобек» бөбекжай-бақшасына жөндеу жұмыстарын жүргізу, балаларға қауіпсіз әрі заманауи жағдай жасауға жұмыс жасаймын.

Ауыл тұрғындарының алаңдауын отырған маңызды мәселенің бірі – аяқсу. Сондықтан алдағы уақытта аяқсу жүйелерін ретке келтіру, су арналары мен арықтарды тазалау және қалпына келтіру, су ресурстарын тиімді пайдалану жүйесін енгізу назарымда болады. Абағандыру және көгалдандыру шараларына келсек, ауылдың көркі оның тазалығы мен жасыл желігі болғандықтан көшелерді абағандыру, тұрақты түрде тазалық жұмыстарын жүргізу, ағаш отырғызу, көгалдандыру жұмыстарын кеңейту басты назарымда болады.

Әрбір отбасының тұрақты табысы болуы – басты міндет. Сондықтан ауылда жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында нақты шаралар қабылдаймын. «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие алуға жан-жақты көмек көрсету, жеке кәсіп ашуға иретті азаматтарға кенес беру және қолдау көрсетуді жүзеге асырамын. Мен үшін ең бастысы, халықтың сенімі мен әлауы. Бірлесіп еңбек етсек, ауылымды көркейтпін, дамыған, таза әрі жайлы мекенге айналырамыз.

Мардан ТОҒЫЗБАЕВ,
Мақпалкөл ауылдық округі
әкіміне үміткер
Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді

БАСТЫ МАҚСАТ – ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТУ



Біздің Жалағаш – тарихы терең, халқы еңбеккер, болашағы зор мекен. Бірақ кез келген дамудың өз жолы бар. Ол жол – бірлік, әділдік, ашықтық және нақты жұмыс жолы.

Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде туған жерім Жалағаштың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жолында халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоямын. Өйткені кенттің дамуы қағаздағы жоспармен емес, халықтың күнделікті өмірімен өлшенеді. Бүгінге дейін жинаған тәжірибемді жеке мақсат үшін емес, халық игілігі үшін пайдаланғым келеді.

Нақтылық – бүгінгі сөзден іске көшкен дәурдің басты ұраны. Сөз айту оңай, бірақ сол сөзді іске айналыру – нағыз жауапкершілік пен еріктің белгісі. Біз енді бос уаде мен ұзақ күтетін кезеңде емес, нақты нәтиже беретін уақытта өмір сүріп отырмыз. Сондықтан әрбір бастама, әрбір шешім, әрбір қадам тек өзбем емес, нақты іспен өлшенуі тиіс. Өйткені мәселені кабинетте отырып емес, халықтың арасында жүріп түсінесін. Шынайы жағдайды есеппен емес,

күнделікті өмірмен көресін. Сондықтан кентіміздің озық өмірлердің үнемі көшбасында тұруы үшін жерлестерімді қолдауға шақырамын.

Жалағаш кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуына жан-жақты ықпалды тигізу – басты мақсатым. Жалағаш кентінің шығыс және батыс бөлігінде орналасқан кіреберіс қақпаларын жана кейіпте орналастыру, орталық алаңды тұрғындар үшін қолайлы, эстетикалық тартымды, заманауи талаптарға сай көркейтуді, кенттің өнүстік батыс бөлігінде орналасқан Сырдария өзенінен бастап теміржол бекетіне дейін заманауи жарықшамдар орнату менің негізгі міндетім деп білемін. Әлбетте, бұл жобаларды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте сайлаушылардың қолдауы қажет.

Жалпы осыған дейін сайлауалды бағдарламаларда кент әкімі болсам, алдағы уақытта қандай шаруаларды қолға алатынымды баяндаған болатымын. Сондықтан бұл жобалармен алдағы төрт жылда шектеліп қаламаймын. Тарқатып айтсам, Дәуімбай учакесіне балалар ойын алаңы мен спорт ойын алаңдарын салу, Дәуімбай учакесінің көшелерін толығымен жарықшамдармен қамтамасыз ету, Жалағаш кентінің «Дәуімбай», «Қысық арық», «Серпің», «Береке» учакесінде толығымен тазалық жұмыстарын жүргізу және Жалағаш кентінде жөндеу жұмыстары жүргізілгенімен, сапасы сын көтермейтін көшелерге кезең-кезеңімен кайта жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруды күн тәртібінен түсірмеймін.

Мұнан бөлек сайлауалды бағдарламаларда айтқанымдай, Қазбек би, Абай, Жамбыл, А.Бисенов, Н.Мырзаліев көшелерінде орналасқан қошқабаты тұрғын үйлерін сыртқы қабаттарын жарту, Өйтеке би көшесінде орналасқан ескі ғимарат, яғни аудандық статистика басқармасы орнына жаңадан спорт алаңын салу, Жалағаш кентінің толықтай жарықшамдарының жаңып тұруына ықпал ету, сапасы сын көтермейтін орталық және

Дәуімбай учакесінде электр желілерін жаңалау және жөндеу жұмыстарын жүргізу, Жалағаш кентінің тұрғындарына шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде оқытуға, несиелер және грант алуда ықпал жасауды жүзеге асырамын. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Кентте балаларға арналған заманауи ойын алаңдары мен тұрғындарға арналған демалыс орындарын салу, тұрғындар көтеріп жүрген өзекті мәселелерді түбегейлі шешу мақсатында көшелерге коксы контейнерлерін орнату және қалдықтарды шығару жүйесін ретке келтіру жұмыстарын жүргізу күн тәртібінен түспейді. Өйткені тазалық – халық айнасы. Кентімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында абағандыру жұмыстарын жүргізуге, арықтарды тазарту, аяқсуды ретке келтіру, тал өсуі секілді жұмыстарды қолға алуда үлде беремін. Жалағаш кентіне кіреберіс аймақтан «Кәсіпкерлер бағы» атауымен жеміс ағаштарын отырғызуды демеушілер арқылы жүзеге асырамын. Жалағаштық жастарға заманауи талаптарға сай жастар сабағын ашу және оны қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету де назарымда болады.

Жалпы аудан орталығында маңызды мәселелер жетерлік. Ал оның қайтсек шешімін табуымыз? Міне, осы сауалдың түйінін тарқатуға бас қатыру арқылы мен алдағы саяси науқанда бақ сынауға бел будым. Өйткені мен үшін туған жердің келешегін кемел ету бәрінен маңызды. Алдағы сайлау маған үлкен жауапкершілік жүктелді. Ал осы уақытқа дейін мемлекеттік қызметтегі және тәжірибем кентті көрсейтуге мен екінің тынысын ашуға жетелі деп ойламын.

Қайрат ЖАНБАСБАЕВ,
Жалағаш кенті әкіміне үміткер
Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді

ӘР БАСТАМА ЖҮЙЕЛІ, ӘР ШЕШІМ НӘТИЖЕЛІ БОЛСА ИГІ



Жалағаш кентінде соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық даму бағытында бірқатар жұмыс атқарылып, инфрақұрылым жаңыртылған келеді. Бұл атқарылған істің нәтижесі болғанымен, «жүргенге жөрегім ілінеді» дегендей, алға ұмтылған сайын атқарылып істе көбіейі түседі. Кенттегі тұрғындар тұрмысында шешім күткен мәселелер әлі де бар. Өйткені өмір сапасы тек атқарылған жұмыспен гана емес, халықтың күнделікті тыныс-тіршілігіндегі нақты өзгерістермен өлшенеді. Сондықтан бүгінгі нәтижеге тоқмейісу емес, оны дамудың жана кезеңіне ұластыру маңызды деп білемін.

Осыны ескере отырып, кенттің дамуына жана деңгейге көтеру мақсатында алдағы кезеңге нақты қалам ұсындым. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген сөз тек тәрбиеге гана емес, тұтас қоғамның дамуына да қатысты. Кенттің келешегі бүгінгі нақты қаламға байланысты. Сондықтан әр бастама жүйелі, әр шешім нәтижелі болса игі.

Ең алдымен тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға басымдық берілуі керек. Өйткені әр отбасының әл-ауқаты – кент дамуының басты көрсеткіші. Бұл бағытта жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін жана жұмыс орындарын ашу, еңбекке

қабілетті азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Тұрғындардың табысы артпай, жалпы даму туралы айту қиын. Сондықтан әрбір азаматтың еңбек етуіне, табыс табуына мүмкіндік жасау – негізгі мақсаттың бірі.

Осы мақсатқа жетудің тиімді жолының бірі – кәсіпкерлікті дамыту. Кәсіпкерлік тек табыс көзі гана емес, ол – бастама мен жауапкершіліктің, еңбек пен ізденістің көрінісі. Өз кәсібін ашамын деген азаматтарға қолдау көрсетіліп, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді әрі қолжетімді болуы қамтамасыз етілуі тиіс. Жеңілдетілген несиелер мен гранттарды алу тетіктерін түсіндіріліп, кәсіп алуға иретті тұрғындарға нақты бағыт-бағдар берілуі қамтамасыз етемін. Бұл өз кезегінде жана жұмыс орындарының ашылуына, бәсекелестіктің артуына және кент экономикасының жандануына ықпал етеді.

Экономикалық даму инфрақұрылымының сапасына тікелей байланысты. Күнделікті өмірдің жайлылығы жолдың жағдайы, жарықтың тұрақтылығы, көше келбетінің ұқыптылығы арқылы көрінеді. Осыған байланысты кенттегі жол сапасын жақсарту алдағы кезеңдегі негізгі бағыттың бірі болады. Ішкі көшелерді жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, ең алдымен тұрғындар тарапынан жиі шаралары күшейтіледі. Тұрғындар арасында тұрғындар жұмыстары жүргізіліп, құқықтық сауаттылықты арттыруға басымдық беріледі. Әсіресе интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында нақты жұмыстар қолға алынады.

Бір саладағы нәтиже екінің салаға әсер етеді. Сондықтан барлық жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, нақты нәтижеге бағытталады. Негізгі мақсат – Жалағаш кентінің өмір сүруге қолайлы, инфрақұрылымды дамыған, тұрғындары үшін мүмкінділі кен елді мекенге айналдыру. Әрбір бастама нақты нәтижемен өлшеніп, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға кызмет етеді деп сенемін.

маларды тиімді ұйымдастырып, әрбір тұрғынның қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру маңызды.

Әлеуметтік саланы дамыту да негізгі бағыттың бірі болып қала береді. Әсіресе жастарға жағдай жасау – болашаққа салынған инвестиция. Жастардың сапалы білім алуына, бос уақытын тиімді өткізуге, спортпен және шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік жасау – басты міндеттің бірі. Жастар бос уақыты болса, қоғам да алға жылжиды. Сондықтан оларды қоғамдық өмірге тарту, бастамаларын қолдау, өз әлеуетін іске асыруға жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Әлеуметтік бағыттың маңызды бөлігі – денсаулық сақтау саласы. Тұрғындардың сапалы медициналық қызметке қолжетімділігі әрқашан назарда болуы тиіс. Медициналық мекемелердің жұмысын жетілдіру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, алдын алу шараларын күшейту кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын міндеттер қатарында. Әсіресе әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасына ерекше көңіл бөлінеді.

Қоғамдық қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмайды. Қауіпсіз орта – тұрақты дамудың басты кепілі. Осы бағытта құқық қорғау органдарымен бірлесіп, құқық бұзышылықтың алдын алу шаралары күшейтіледі. Тұрғындар арасында тұрғындар жұмыстары жүргізіліп, құқықтық сауаттылықты арттыруға басымдық беріледі. Әсіресе интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында нақты жұмыстар қолға алынады.

Бір саладағы нәтиже екінің салаға әсер етеді. Сондықтан барлық жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, нақты нәтижеге бағытталады. Негізгі мақсат – Жалағаш кентінің өмір сүруге қолайлы, инфрақұрылымды дамыған, тұрғындары үшін мүмкінділі кен елді мекенге айналдыру. Әрбір бастама нақты нәтижемен өлшеніп, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға кызмет етеді деп сенемін.

Дархан ИДРИСОВ,
Жалағаш кенті әкіміне үміткер
Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді

КЕНТ КЕЛЕШЕГІ ОҢ ШЕШІМ МЕН ТЫҢ ІСТЕ



Сайлау – жай гана науқан емес, елдің ертеңіне деген сенім мен жауапкершіліктің таразыға түсетін тұсы. Бұл – әрбір азаматтың таңдау арқылы болашаққа ықпал ететін маңызды кезеңі. Халықтың сеніміне ие болу үлкен мәртебе болғанымен, одан да маңыздысы – сол сенімді ақтау. Себебі сенім – бір рет берілген аманат, ал оны сақтау үздіксіз еңбекті талап етеді. «Айтылған сөз – атылған оқ» дегендей, берілген уәде нақты іспен дәлелденуі тиіс. Осыны терең түсінге отырып, мен Жалағаш кентінің бүгінгі ахуалын жан-жақты саралап, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер ететін негізгі мәселелерді анықпандап, оларды кезең-кезеңімен шешудің нақты жолдарын ұсынамын.

Бүгінгі Жалағаш кенті – өзіндік тынысы бар, еңбеккер халқы қалыптастырылған орта. Дегенмен уақыт талабы өзгерген сайын қоғам алдындағы міндеттер де күрделеніп тұрса, Халық тек күнделікті тіршіліктің жеңілдеуін емес, тұрақтылық пен дамуды, сенімді ертеңді күтеді. Сондықтан алдағы бірнеше жылда атқарылатын әрбір жұмыс кездейсоқ емес, жүйелі жоспарға

негізделуі тиіс. Бұл бағдарлама – дәл осы қажеттіліктермен туған нақты іс-қимылдар жиынтығы.

Ең алдымен кенттің экономикалық тірегі саналатын кәсіпкерлік саласына серпін беру – басты міндеттің бірі. Өйткені халықтың әл-ауқаты ең алдымен табыс көзінің тұрақтылығына байланысты. Қарапайым тұрғын үшін тұрақты табыс – сенімді өмірдің кепілі. Осы бағытта өз кәсібін бастаймын деген азаматтарға қолдау көрсету, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді әрі қолжетімді болуын қамтамасыз ету негізгі басымдық болады. Әсіресе жастар мен жұмыссыз адамдарды кәсіпке тарту арқылы жана мүмкіндіктер ашылады. Кәсіпкерлік тек табыс көзі гана емес, ол – жауапкершілік, бастама және даму мәдениеті. Осыны қалыптастыру арқылы біз кенттің экономикалық әлеуетін арттырамыз.

Экономикалық өсім өз кезегінде инфрақұрылымның сапасына тәуелді. Күнделікті өмірдің жайлылығы жолдың сапасынан, жарықтың тұрақтылығынан, қоршаған ортаның қолайлылығынан көрінеді. Сондықтан кент ішіндегі жолдарды жөндеу, электр желілерін жаңғырту, көшелерді жарықтандыру жұмыстарын кезең-кезеңімен жүзеге асыру көзделеді. Бұл тек тұрғындардың тұрмысын жеңілдетіп гана қоймай, қауіпсіздігін қатар қамтамасыз етеді. Әсіресе кешкі уақытта жарықтың жеткілікті болуы – қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін фактор.

Халықтың денсаулығы – кез келген дамудың негізі. Бірінші байлық – денсаулық деген сөздің мәні ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Сондықтан тұрғындардың сапалы медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру басты міндеттің бірі болып қала береді. Медициналық қызмет сапасын жақсарту, дәрі-дәрмекпен уақытылы қамтамасыз ету, алдын алу шараларын күшейту осы бағыттағы жұмыстың негізі болады. Әсіресе әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарға ерекше көңіл бөлініп, олардың

медициналық қызметке қолжетімділігі толық қамтамасыз етіледі. Өйткені дені сау қоғам – тұрақты дамудың кепілі.

Кенттің келбеті оның тазалығы мен көркеюінен көрінеді. Таза орта – тек әсемдік емес, сонымен қатар тәртіп пен мәдениеттің айғағы. Сондықтан алдағы уақытта абағандыру, көгалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу, тұрғындарды осы іске жұмылдыру маңызды бағыттың бірі болады. Әрбір тұрғын өз ауласына, өз көшесіне жауапкершілікпен қараса, кенттің жалпы келбеті де өзгереді. Бұл – тек әкімдік жұмысы емес, баршамызға ортақ міндет.

Қоғамдағы тыныштық пен тәртіп – кез келген дамудың негізі екені ақиқат. Қауіпсіз орта болмай, тұрақты даму мүмкін емес. Осыған байланысты құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстар күшейтіліп, құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіледі. Әсіресе қазіргі таңда белен алған интернет алаяқтықтың алдын алу үшін тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары кезінен ұйымдастырылады. Әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығын арттыру – қауіпсіз қоғам қалыптастырудың маңызды бөлігі.

Бұл бағыттардың барлығы өзара тығыз байланысты. Экономика дамымай, әлеуметтік жағдай жақсармайды, инфрақұрылым түзелмей, тұрмыс сапасы артпайды, ал қауіпсіздік болмаса, ешбір даму баянды болмайды. Сондықтан ұсынылып отырған бағдарлама – кезелген бастамалардың жиынтығы емес, біртұтас, өзара сабақтас жүйелі жоспар. Туған жерге туындты тігу әр азаматтың жүрегіне жатқан асыл мұрат болар. Сол үшін алда өтетін сайлау – мен үшін жай гана саяси науқан емес, туған жерге алғашқы кезекте етуге берілген маңызды мүмкіндік. Осы мүмкіндікті құр өзбем емес, нақты іспен дәлелдеуді өзіме міндет санаймын.

Бауыржан ТОВАЕВІЧ,
Жалағаш кенті әкіміне үміткер
Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді

Тағзым

МЕНІҢ АТАМ – МАЙДАНГЕР

Шуақты көктеммен бірге келетін ең үлкен мерекенің бірі – 9 мамыр, Ұлы Жеңіс күні. Бұл күн анаы баласынан, ағаны бауырынан айырып, мыңдаған боздақты жер жастандыран ұлмат соғыстың жеңісін аяқталған күні. Бұл – жанқиярлық ерлік пен жеңіс жалауы желбіреген күні.

Осыдан 85 жыл бұрын фашистік Германия КСРО-ға соғыс ашты. Дәлірек айтсақ, 1941 жылдың 22 маусым күні шамамен таңғы сағат 4-тің кезінде неміс әскері Кеңес үкіметінің батыс шекарасына басып кірді. Осынау ел басына күн туған сын сағатта елін қорғау үшін аталарымыз жанқиярлық ерлік көрсетті. Отан үшін өшпес ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсеткен аталарымыздың қаһармандық ерліктері жеңісті жақындатып, жауға тойтарыс берді. 1945 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталып, жеңіс туы желбіреді.

Бұл соғыста КСРО 27 миллион адамның айырылды. Қазақстаннан майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы соғыстан оралмаған. Бұл соғыста есімі аңызға айналған Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев, Төлеген Токтаров, Қасым Қайсенов, Хиуаз Доспанова, Мәншүк пен Әлия сынды ержүрек батырларымыз қазақ халқының абыройын асқақтатты. Майданға Жалағаш



ауданынан 2 316 азамат аттанған болатын. Өкінішке орай олардың тек 695-і гана елге аман-есен оралса, 1621-інің сүйегі жат елде қалды. Майдандағы ұрыс даласында ерлік көрсеткен жауынгерлердің қатарында менің атам Тын Ахылов та бар еді. Ол №152 ерекше атқыштар бригадасының құрамында 3 рет ірі ұрысқа қатысып, 2 рет ауыр жаракат алған.

Иә, мен – майдангердің ұрпағым. Тын атаның ағайынды бауыры Болтай атаның шөпешімі. Атам Тын Ахалов 1917 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Моденің ауылында дүниеге келген. Ел басына күн туған сын сағатта ол 1941 жылы Отан қорғау жолында әскер қатарына алынып, майданға аттанды. Оның ерліктері жайында әкем әрдайым бізге айтып отырады.

Әкемнің айтуынша, атамның поэзияға деген ерекше қабілеті болған. Ол туған жерге деген сүйіспеншілігін, елге деген адалдығы мен майдан шындығын өлең арқылы қағазға түсірген. Бұл шығармалар мен ағам дүниесінің байлығын, рухының асқақтығын бейнелейді. Ұрпағының бақыты мен бейбіт өмірі үшін күрескен атам майдан алаңында ерлікпен қаза тапты. Десе де, оның есімі мен ерлігі бүгінде ұмытылған жоқ.

Атам «Еңбек майданында озат стахановшы-колхозшы» атанып, республикалық «Алтын кітапқа» еніп, шайқастағы ерен ерлігі үшін жауынгерлік «Дан» жалауына аты жазылған. 1979 жылы 13 ақпанда «Жаналария» газетіне атамның ерлігі жайлы «Өшпес есім» атты мақала жарияланған. Тын атам туралы деректерді жинау мақсатында атамның ұлы Ережеп атам Сталинград қаласына арнайы барып, әкесінің ерлігі жайлы, оның жатқан жері жайлы мағлұматтар, тың деректер жинаған.

БӘСІ БІЛІК БІЛІМ ОРДАСЫ

Бүгінде Жалағаш ауданында 20 мектеп болса, 1250-ден астам педагог-мұғалім уақыт талабымен қызмет етіп, білім беру көшін жаңа белестерге бастап келеді. 7 мыңға жуық оқушы мектеп қабырғасында жүр. Сондай-ақ 38 мектепке дейінгі ұйымда 1900-ге жуық бала тәрбиеленуде. Мұнан бөлек «Оқушылар» үйі, «Өнер» мектебі және екі спорт мектебінде жалағаштық өрендер қосымша біліммен қамтылған.

Жалағаш жерінде шәкірт жанын түсінген, уақыт талабына үндесе отырып, білім мен тәрбие берген аудан мектептерінің сапасы жыл сайын жоғарылауда. Айталық, аудан орталығындағы әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі заман өзгерісіне бейімделіп, білім берудегі жаңашылдықтан қалыс қалмаған шаңырақ десек болар. Олай дейтіміз, аталған білім мекемесі оқушыларына білім беріп қана қоймай, сабақ үдерісіне керек техникалық жабдықтарын да түгендеген. Заманауи кабинеттерін жабдықтап әрі қазіргі сандық технологияны пайдалану арқылы әр пәнді оқушыларға терең үйретуде. Дұрысы, «Қазақстан халқына» қоры 250 млн теңге бөліп, мұнда бірнеше пәндік кабинет қажетті құрылғылармен және сабақ барысына керекті дидактикалық материалдармен жабдықты. Сондай-ақ ұстаздар мен шәкірттер бүгінгі жасанды интеллектті меңгеріп, жетістікке жетуге де талпынып келеді.

Қазір әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінде мыңнан астам оқушы бар. 154 мұғалім-педагог сабақ беріп, оқушы білімін, шығармашылық әлеуетін, болашаққа деген талпынысын ұштап келеді. Білім шаңырағындағы тағы бір оң бағыт – шәкірттердің математика пәніне деген ынтасын арттыру. Осы тұрғыда мұнда IT математика жобасы қолға алынған.

Екіншіден, бұл білім ордасы жыл бойы қандай байқаудан болсын, жүлдесіз қайтпаған. Мысалы, 2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық, республикалық олимпиадаға 12 оқушы қатысып, оның 8-і жеңімпаз атанып, II, III орындар қанжығаға байлапты. Ал ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиадада 32 оқушы облыстық кезеңде жүлделілер қатарынан табылған. Осы додада республикалық кезеңге жолдама алған 4 оқушы да оза шапты. Екеуі I, енді бірі II орын алса, бір оқушы



алғы хат иеленген. Ғылыми жоба қорғауда мектеп-лицейдің 10 оқушысы облыс орталығынан жүлделі орыннан көрінген.

Жеңіске жеткен дарынды оқушыларды айтпағанда, ұжымдағы ұстаздар қауымының қай-қайсысы да осал емес. Осының арқасында олар «Үздік инновациялық мектеп», «Білім бәйтерегі», «Білімнің биік тұғыры», «Табысты мектеп» сияқты бірнеше жүлделі ата-лымдарды иеленіп келеді. Бір ғана мысал, жетістігі көп шәкірттер тәрбиелеген білім орнының мұғалімі Раушан Атаулиева «Үздік сынып жетекші – 2024» республикалық байқауына қатысып, II орын иегері атанған.

Ең қуаныштысы, мұғалімдер мен оқушылардың үлкен жетістіктері сараланып, аталған ұжым 2023-2024 оқу жылының қорытындысымен «Орта білім беретін үздік ұйым» облыстық байқауының жеңімпазы атанды. 34 млн теңгенің сертификаты табысталды. Бұған қосымша екі жыл бұрын мектеп-лицей ұжымы ауыл мектептері оқушыларына арналған пәндер бойынша республикалық олимпиадада көрсеткен жоғары нәтижесімен «Ең үздік ауыл мектебі – 2024» аталымын алған болатын. Дәл осы номинация келесі жылы бұйырды. Ұжым тағы да «Ең үздік ауыл мектебі» аталымын екінші мәрте жеңіп алды. Өйткені 2024-2025 оқу жылдары олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысқан 8 оқушысы да жеңіс төрінде тұрды.

Мектеп-лицей директоры Айнур Айбосынованың айтуынша, былтыр жыл басынан бері мектеп шеберханасында «тігінші» және «аспаз» кәсібі тереңдетіліп оқытылуда, яғни жоғары сынып оқушылары орта

білімді тәмамдаған тұста аттестатпен бірге игерген кәсібіне қажетті сертификат алады.

– Осы оқу жылында аудандық түрлі байқауларға, олимпиада, ғылыми жобаларға 97, облысқа 58, республикалық кезеңге 6 оқушы қатысып, I, II, III орындарды иеленді. Сөз жоқ, мұндай жетістіктердің артында мұғалім еңбегі тұр. Өріптестерім кәсіби байқаулардан аудан, облыс, республика көлемінде жоғары марапат төрінен ұдайы көрініп келеді. Айталық, «Үздік авторлық бағдарлама – 2025» байқауында Роза Абдрахманова, «Дарынды балаға талантты ұстаз» олимпиадасында Бақдаулет Әбдіғали, «Oi-Sandyq» оқу және математикалық сауаттылықтан қазақ тілі мен математика пәндері мұғалімдеріне арналған зияткерлік байқауында Махмуд Ермак жүлделі болды, – дейді мектеп-лицей директоры.

Айта кетейік, өткен жылы Жалағашта 450 түлек мектептен қанат қақты. Осы бітірушілердің 388-і, яғни 87,2 пайызы ұлттық біріншілік тестілеу сынағына қатысқан еді. Аймақ бойынша олардың орташа балы – 84,1. Сонымен қатар былтыр республикалық ауыл мектептеріне арналған олимпиаданың облыстық кезеңіне Жалағаштан 106 оқушы қатысса, 22 оқушы жеңімпаз атанып, республикалық кезеңге жолдама алды. Бұл тұрғыда Жалағаш кентіндегі әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің ауданның білім саласының оң көрсеткішінде ойып орын алатыны белгілі.

Ержан БЕКМЫРЗАҰЛЫ

Маман мерейі

ТӘЖІРИБЕЛІ ПЕДАГОГ

Айнур Бақтыбаеваның білім саласында қажырлы еңбек етіп келе жатқанына 25 жыл болды. Ауыл балаларына сапалы білім беруді мақсат еткен тәжірибелі маман бұл салаға бала күнінен қызыққан. Кейіпкеріміздің бұл ойын ата-анасы да құптап, оның сол мақсатына жетуіне барынша жағдай жасаған.



«Мектепке жас маман болып жұмысқа орналасқаным кеше ғана сияқты еді, бүгін қарап отырсам, арада 25 жыл уақыт өтті» деп кейіпкеріміз өткенге көз жүгіртіп, әңгімесін әрі жалғады.

– Бала күніменен биология пәнін сүйіп оқыдым. Маған сабақ берген Қайырқұл мен Тұрсын апайымнан көп үлгі алып, «сол кісілер секілді мен де мұғалім болсам екен» деп армандайтынмын. Уақыт өте ұстаздарымыздың жолын қуып, «мен де ұстаз боламын» деген нақты шешім қабылдадым. Ата-анам да маған үлкен сенім артты. Осылайша мектепті тәмамдаған соң Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алып, ең алғаш еңбек жолымды осы мектепте бастадым, – дейді Айнур Тайшықызы.

Айта кетейік, кейіпкеріміз – осы мектептің түлегі. Қазіргі таңда ауылдағы алтын ұяда биология пәнінің мұғалімі мамандығымен қатар 17 жылдан бері мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарауда.

«Ұстаз бақыты шәкірт алғысымен келеді» демекші, Айнур Тайшықызы – шәкірт жүргенін орын алып, олардың алғысына бөленген бақыты ұстаз. Бүгінде ол талай түлекті үлкен өмірге қанат қақтырды. Қазіргі таңда олар түрлі салада жемісті еңбек етуде. Әр оқушысының жеткен жетістігіне қуанып, есімін мақтанышымен айтқан ұстаз мектеп қабырғасындағы шәкірттерінің ғылыми жобалар мен пәндік олимпиададан жүлделі орын иеленіп жүргенін айтады.

20 жыл артқа көз тастаған кейіпкеріміз, оқушыларды білім бөйгелеріне қосарда кездескен қиыншылықтарын еске алды. Айтуынша, ол кезде ауылдан аудан орталығына қатынау қиынға соққан. Оқушыларды жарысқа алып бару үшін арнайы көлік жалдап, қысты күндері таң сәріден шоқпен көлікті қыздырып, олардың аман-есен келуін тілеп отырған. Осындай қиын күндерді қаймықпай еңсерген кейіпкеріміз бүгінде сол еңбегінің жемісін көріп, шәкірттерінің өмірден өз орнын табуына септігін тигізіп отыр.

Мұнан бөлек ол түлектерді ұлттық бірыңғай тестілеуге тыңғылықты дайындап, соның арқасында оқушылары жоғары нәтижеге қол жеткізіп келеді. Олардың арасында «Үздік аттестат» иегерлері де бар. Білікті маман биыл да екі түлектің таңдауы биология пәніне түскенін айтады. Сөзіне сүйенсек, олардың да дайындық нәтижесі жаман емес.

– Мектепке жұмысқа енді ғана орналасқан кезім, жас маманмын. 7-ші сыныпқа аптасына үш рет сабақ беремін. Олар айтқан тілді алмайтын, өте бұзық сынып болатын. Бір оқуым болды, өте ерекше. Сабақ барысында үнемі сурет салып отыратын. Мен оны «сурет саласына баратын шығар» деп ойлайтынмын. Алайда оның таңдауы фельдшер мамандығына түсті. Қазіргі таңда ауыл тұрғындарына қызмет етеді, өте білікті маман. Көрген жерде алдымды кесіп өтпей, амандық-саулық сұрасып, қолынан келген көмегін аямайды. Ал басқа шәкірттерім бүгінде үлкен қалаларда еңбек етуде. Мереке күндері хабарласып құттықтап, алғысын айтып жүреді. Ұстаз үшін бұдан артық қандай бақыт бар дейсіз, – дейді кейіпкеріміз.

Кез келген ұстаз үнемі ізденіс үстінде жүріп, жан-жақты болуы қажет. Ол білімін жетілдіріп отырғанда ғана шыңдалған кәсіби маман болып шығатыны даусыз. Ол үшін ұстазда ең алдымен өзінің мамандығына деген құрмет болуы керек. Бұл сөзімізді кейіпкеріміз Айнур Тайшықызы да құптады. Ол шәкірттердің шамшырағын жағып, оқуға деген құштарлығын арттыру әрбір ұстаздың басты міндеті екенін тілге тиек етті.

Кейіпкеріміз жас маман болып жұмысқа орналасқан жылдары бастапқыда «Оқушыларға сабақты қалай ерекше түсіндірсем екен?» деген оймен көп ізденгенін айтады. Ол көрнектілерді қолмен өзі дайындап, оқушыларға тақырыпты жіті түсіндіру үшін ескі кітап-журналдардан көп ізденіп, кітапханадан шықпаған.

– Шыны керек, қазіргі жас мамандардың шәкірттерге сапалы білім беруіне, сабақты қызықты етіп өткізуіне барлық жағдай жасалған. Тек ұстаздан ізденіс керек. Қазір барлығы қолжетімді. Интернет, компьютер, интерактивті тақта, барлығы ұстаздардың шығармашылығын шыңдауына мол септігін тигізіп отыр, – дейді білікті маман.

Иә, жас ұрпаққа білім, тәрбие беру оңай жұмыс емес. Әр баланың өзіндік ерекшелігі болады. Біз әңгімелеп отырған ұстаз – еңбекқорлығымен, мол ізденісімен шәкірт көңілінен жол таба білген жан.

Білікті педагог алдағы уақытта да жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеп, жарқын болашаққа қарымды қадам жасай бермек. Ол ұлт болашағын тәрбиелеу жолында жасаған қажырлы еңбегі үшін бірнеше мәрте марапат төрінен көрінген. Кейіпкеріміз – отбасында 3 қыз, 1 ұлдың анасы. Бүгінде оның үлкен қызы мен ұлы анасының жолын жалғап, ұстаздық мамандықты таңдаған. Саналы ғұмырын білім саласының дамуына арнаған ұлағатты ұстаз алдағы уақытта да ұрпақ тәрбиелеу жолында қажырлы еңбек ете бермек.

Сезім НҰР

Озат оқушы

ДАРЫНДЫ
 ӨҮСАР

Қазақтың қара өлеңін қадір тұтып, рухани мұрадан қуат алған оқушының бойында ізденіс пен іңкәрлік қатар өрілген. Ол жырды жаттамайды, жырмен тыныстайды. Кеңілінің көкжиегін кеңейтіп, сезімін сөзбен кестелеген жас ақынның алғашқы қадамы – ертеңгі үлкен шығармашылықтың бастауы. Осындай сөзге серт берген, ойға адал, жүрегі жырға жақын жас буын – №232 орта мектептің 9-сынып оқушысы Кеусар Алмасқызы. Асыл арнаны жырмен жалған жас буындармен бүгінгі мүшәйра сахнасы тағы бір мәрте маздай түспек.

Абай мұрасымен сусындап өскен жас буынның жарқын өкілі – Кеусар Алмасқызы. Ол 13 сәуірде өткен республикалық «Абай оқулары» байқауының аудандық кезеңінде «Абайдың ақын шәкірттері» бағыты бойынша топ жарып, I орынды қанжығасына байлады. Осылайша дарынды оқушы облыстық кезеңге жолдама алып, өз білімін жаңа белесте сынауға мүмкіндік алды. Бұл жетістік – қажыр мен талаптың, өнерге деген адалдықтың жемісі.

– Бала күннен құлағыма сіңген ертегі мен ескі әңгімелердің сарыны мені сөз өлеміне жетеледі. Қиялға қанат бітірген сол тылсым әуендер жүрегіме ұялап, сөздің салмағы мен қасиетін ерте сезіндірді. Әр оқыған кітап мен үшін тұтас бір ғұмыр, әр кейіпкер сырласымдай еді. Абайдың терең ойы мен Мұқағали Мақатаев жырларындағы мұң мен мұрат жан дүниеммен үндесіп, әдебиетке деген іңкәрлігімді одан әрі арттырды. Сөзді сұрыптап, ойды кестелеуге деген талпыныс табиғатымнан дарыған қасиет пе, әлде тынымсыз ізденістің жемісі ме, оны уақыт таразылайды. Отбасы төрінде айтылар тағылымды әңгімелер мен

үлкендердің өнегесі де көңіл көкжиегімді кеңейтті. Дегенмен әдебиетке деген махаббат – сырттан таңылған емес, жүректен шыққан шынайы сезім. Бұл – менің жан дүниемнің айнасы, рухани тірегім, – дейді дарынды оқушы.

Абай оқулары тағылымы терең, мазмұны бай рухани дода ретінде жоғары деңгейде өткен. Байқау барысында оқушылар Абай Құнанбайұлы шәкірттерінің шығармаларын жатқа айтып қана қоймай, әр жолының астарына үңіліп, оның мән-маңызын жүрекпен сезінуге талпыныпты. Бірі Ақылбай Абайұлының, енді бірі Мағауия Абайұлының шығармаларын жаттап келсе, кейіпкеріміз Шәкәрім Құдайбердіұлының 60 өлеңін жадына тоқып, байқауға тыңғылықты дайындықпен келген. Ауданның барлық мектебі атсалысқан бұл дода оған аса қиынға соқпады. Өйткені ол бұған дейін де талай бәйгеін тынысын танып, сахна ырғағын сезініп жүрген талапкер еді. Бастысы, сенімге арқа сүйеп, сол сенім оны бұл жолы да алға жетеледі.

Олай деуіміз бекер емес, өткен оқу жылында Абай оқуларының облыстық кезеңінде 2-орын иеленіп,

Көкшетау өңіріндегі «Балдаурен» лагеріне жолдама алған болатын. Бұл оның ізденісі мен табандылығының жемісі еді. Биылғы байқау да қиынға соқпады, керісінше ойлы мен дарындының таразыға түскен тұсы болды.

Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл тек жарыс емес, көкірегі ояу, көзі ашық жастармен ой бөлісіп, тәжірибе алмасқан ерекше ортаға айналған. Әр дайындық сәті шыңдалу болса, әр сахнаға шығу өз-өзіңді танудың бір белесі іспетті. Ал жеңіс сәтінде жетекшісінің шынайы қуанышқа бөленгені оның жүрегінде жылы өсер болып сақталып қалыпты.

Жан-жақты шәкірт бүгінге дейін «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының дипломымен, «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының грамотасы, Жалағаш аудандық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталған.

– Оқушымыз қарымын бесінші сыныптан-ақ байқадым, тілінің тазалығы мен поэзияға деген ықыласы бірден көзге түсті. Сол кезден бастап бағыт-бағдар беріп, сөз өнерінің өрісіне баулып келемін. Бүгінде ол мектеп намысын ғана емес, ауылдық мәдениет үйінің атынан да түрлі бәйгелерде бақ сынап жүр. Жеткен жетістігінің түп-төркіні өз бойындағы жауапкершілік пен талпыныста жатыр деп білемін, – дейді жетекшісі Жанар Топаева.

Талпынысы да жан-жақты Кеусар Алмасқызы мектептің қоғамдық өмірінен де шет қалмайды. Спортқа жақын отбасында тәрбиеленген ол белсенділігін бұл бағытта да танытып, мектеп құрамасы сапында волейболдан жарысқа қатысып жүр.

Бір кездері өзге қырын да байқап көргісі келген Кеусар Қашқабай білезік жасауға әуестеніп, қолөнерге де ден қойған еді. Бұл қызығушылықтың түп-тамыры да алыстан емес, анасының өнегесінен бастау алған. Жастайынан тоқыма тоқып, құрақ құрап, қол еңбегі қадір тұтқан анасының ісі кейіпкеріміздің көз алдында өріліп өсті. Дайынға ұмтылған заманда да маңдай термен жасалған дүниенің бағасын түсіндірген сол кісі десек, артық емес.

Қазіргі таңда орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жүрген анасының жолы да оған жақын көрінсе керек, кейіпкеріміз де болашақта бастауыш сынып мұғалімі болуды мақсат етіп отыр. Уақытын текке өткізбейтін оқушының алдағы әр күні жоспарға толы. Қазірдің өзінде «Ясауитану» республикалық олимпиадасына қатысуды ойлап отыр, онда қырық өлең мен 129 сұрақ бар екенін айтып отыр. Әр сөзінен сенімділік сезіледі, ойы дәл, сөзі түйінделген. Болмысына біткен осы батылдық пен сөз өнеріне деген іңкәрлік оны әлі талай биікке бастайтын анық. Бүгінгі жетістік бір белес қана, ал алар асуы, бағындырар шыңы алда.

Гүлжан ЕСЖАН